

ЖИЕНҚҰЛ ҚЫСТАУЫ

Болатбекқызы С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ғылыми жетекші: Хабдулина М.К. т. ғ.к.,

археология және этнология кафедрасының доценті

e-mail: bolatbekkyszysamgar@gmail.com

Астана қ.

Көшпенділерге деген көз қарастар бастапқыда әр түрлі болды, әрине бұл өз кезегінде теориялық мектептің пікірлерімен байланысты. Көшпелі халықтардың тарихын зерттеу кезінде де «батыстық немесе шығыстық» көзқарастың қарама қайшылықтарын тудырып жатқаныда бізге де мәлім. XX ғасырдың орта шегіне дейін көшпенді халықтардың тұрақты мекенжайы болмаған немесе олар тек көшпелі болды, қала болса тек «Ұлы жібек жолының» бойында ғана ірі сауда жолдарын байланыстыратын қалалық мәдениет болды деген теріс пікірлерді кездестіреміз. Айтып отырған, «батыстық» көзқарасқа, белгілі ғалым британдық тарихшы, тарих философы, культуролог және социолог Тойнбидің “көшпелілер мен отырықшы халықтардың материалдық және рухани мүдделерінің мәңгілік қарама-қайшылығы мен олардың ымыраға келмейтіндігі” туралы тезисінде “динамикалық даму үстіндегі әлемдік қоғамда тұйықталаған шеңбер бойымен жылдың маусымдық циклдары сияқты бірқалыпта, өзгермейтін даму жолын таңдап алған, экономикасы дамымаған бұл көшпелі одақтар әлемдік қоғамда өзіне лайық орнын да таба алмайды” делінген [Дубалов, 1993]. Сонымен қатар ғылымда тағы да: «отырықшы егіншілермен тұрақты күрес жағдайында, олар өз жолындағының бәрін жайпап өтеді және гүлденген жазираны өлі шөл далаға айналдырады» немесе «көшпенділер тек мәдениетті бүлдірушілер» деген көз қараспен қарады. Бұл көшпенділер тарихын түбегейлі түйініне дейін жетпеген тұжырым деп ойламын. Көшпенділер тарихын басқа көзқараспен қарған ғалымдар да баршылық. Белгілі ғалым Б.Г. Гафуров “егіншілік аудандардың көшпелі тайпалар әлемімен қатар өмір сүруі мен өзара байланыстары Орта Азия мен Шығыстың көптеген елдерінің бірнеше ғасырлар мен мыңжылдықтар барысындағы тарихи дамуына тән сипатты құбылыс болды”, - деп жазды [Гафуров, 1968, б. 11-12]. Менің ойымша қанша тарих ғасырларын жалғап, мыңжылдықтардан астам тәжірибесі көрсете білген, табиғатпен санаса білген ата-бабамызды әрбір салған қағидасының астында терең ой мен тәжірибе жатыр. Қазіргі ғылымда көшпенділер тарихын тек ауызша емес, тарихи артефактілермен, археологиямен дәлелдеп жатыр. Көшпенділер тарихын қарастыра отырып, Қазақстан жерінде отырықшы мен көшпелілердің бірі-біріне қарсы мәдениет емес, бірін-бірі толықтырып өмір сүргені мәдениет ретінде қарастырады. Бұл пікірді белгілі археолог К. Ақышев тұжырымындамасында былай түсіндіреді: «С глубокой древности на территории современного Казахстана сложилась две формы хозяйства –кочевое скотоводство и богарное и поливное земледелие. Соответственно им у этнически родственных племен возникли и развивались две культуры – кочевническая и земледельческая. Общества, где развивались эти культуры, не противостояли друг другу как антогонист, хотя войны и столкновения были неизбежны, а сосуществовали в тесном контакте и во взаимной зависимости» [Акишев, 16, 3 б.]

Ғылымда, Қазақстан жерінде қалалық мәдениеттің барын мойындасада, олардың көбінесе «Ұлы Жібек жолымен» байланыстырды, яғни ірі сауда орталықтары тоқтайтын қалаларда ғана деген. Қазақстан жерінде қалалық мәдениетті зерттеулерін жүргізген ғалымдар М. Беленицкий, И.Б. Бентович, О.Г. Большаковтар болды. Көшпелі мәдениет мәселелерін зерттеген қазақстандық ірі ғалымдардың бірі, белгілі археолог К.М.Байпаков қазақ даласында дамуының ірі-ірі үш белгілі аудандарына бөлген, біріншісі Орта Азия, екіншісі Орталық Қазақстан, Сібір мен Орал аралығындағы аумақты алып жатқан Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағы бойынша өз зерттеулерін жүргізіп келе жатыр. К.М. Байпаков өз зерттеулерін

қортындылай келе: « қала мен дала мәдениетін өзара даму кезеңдеріне байланысты, өз ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жалпы бұл екі жүйе ежелден бірін-бірі толықтырып отырған, өзара тығыз байланысты», - деген қорытындыға келеді. Бірақ, бұл қаладан басқа қазақ жерінде тұрақты мекенжайлардың болмады деген сөз емес. Қазақ жерінде тұрақты мекенжайларының болғанын археологтар жүргізілген зерттеулері арқылы дәлелдеп жатыр. Қазақстан археологиясында Кемал Ақышев ғылыми ортада қазақ даласындағы қалалар мен тұрақты мекенжайларын жеке бөліп зерттеуді ұсынған болатын. Археологияда бұл екі бағыттың жеке бөлініп шығуы, оның ары қарай дамуына үлкен әсер етті.

Енді Қазақстан жеріндегі тұрақты мекенжайлар тарихы зерттеуіне тоқталсам. Қазақстанда көшпенділер қоныстарын зерттеу археологияның жаңа белсенді бағыты болып табылады. Бұл бағыт ХХ ғасырдың 70 жылдарынан бастау алады. Оның негізін қалаған Қазақстанға белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Сайден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың (1936–2021). С.Ж. Жолдасбаев 10 монография, 34 оқулық және 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы. Алғашқы палеоэтнографиялық экспедициясын Алматы облысы, Жетісуда 1979 жылы жүргізген. Оған дейін бұл бағыт бойынша жекелеген зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен. Түркістан ауданында атқарған ізденістер барысында Жалғызтам, Бозақор, Шығырлы I–II, Ақбас елді мекендерін ашып, зерттеу нәтижесінде осы елді мекендерде тұрған қазақтар тек мал шаруашылығымен ғана емес, қолдан суландыру арқылы егіншілікпен айналысқандығын да дәлелдеп береді. Ал, Қаратаудың теріскей бетінен, яғни Созақ ауданы аумағынан Күлтөбе, Тастөбе, Раң елді мекендерін ашып зерттейді. Жүргізілген зерттеулер барысында ашылған тұрғын үйлер мен бидай сақтайтын қамба орындарына қарап, сол елді мекендердің тұрғындары жер өңдеу шаруашылығымен айналысқандығын анықтайды. Сол зерттеуде Қазақстанда палеоэтнографиялық зерттеулердің бастамашысы болып Сайден Жолдасбаев Жетісу палеоэтнографиялық экспедициясын жасақтап, 250-ден астам қыстау-қоныстарда зерттеу жұмыстарын, ал 400-ге жуық баспанаға қазба жұмыстарын жүргізген. «Қазақ елінің XV-XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары» атты еңбегінің авторы [Жолдасбаев, 2017]. Ол өз еңбегінде қазақтың тұрақты мекенжайларының типтерін қарастырып, қазақ халқының материалдық мәдениетін толықтыра отырып, тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізген. Автор өзінің археологиялық зерттеулер жүргізген қыстаулар мен қыстақ, кенттердегі тұрғын жайлардарың ерекшелігі деп олардың күйіз үй пішініне ұқсас шошала сияқты салынуын атап өткен. Мұндай құрылыс түрі қазақтың ертеден ата-мекені болған Сырдария, Шу, Талас, Сары-су, Іле өзендерінің бойларында, Қаратау, Жоңғар-Іле Алатауларының күнгей жақтарына көп кездеседі [Жолдасбаев, 2017].

Тағы да, тұрақты мекенжайлардың бір өзіндік ерекшелік, құрылыс жүйелерінің көбінесе тастан жасалуы. Сонымен қатар, тұрғын үйлердің ішіндегі от жағу жүйесі сыпаша жасау, шаруаға қажетті бора (закрома) сияқты ұсақ-түйек құрылыс жүйелерінің ұқсастығы. Мұның өзі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан тіршіліктің әсерінен пайда болған ұлттық дәстүр деген. Зерттеу жұмыстарына қарағанда туыстас өзбек халқының жер үйлерінің шошала тәріздес ұқсас пішіндері кездеседі, бірақ, олардың от жағу жүйесінде түгін шығатын мойын болмауы, екі елдің өзіне тән ерекшеліктерін көрсететін сияқты. Сонымен қатар Сәйденов Жолдасбаев қазақ халқының тұрақ жайларының салынуы жолын 3 түрлі тәсілін пайдаланғанын жазады: 1) жерүй; 2) жартылай жер үй; 3) жердің үстінен салынатын үйлер. Сайден Жолдасбаевтың зерттеулерінен де бір қатар мәліметтерді келтіре кетейін. Райымбек қыстауы - Райымбек батырдың атымен аталатын бұлақтың таудан шығатын 50 – 60 м жерде таудан тақалмасында орналасқан. Екі бөлмелі жартылай жер үй. Үйдің қабырғасы жер бетіне шыққаннан соң және көтерілген. Қанша көтерілгені белгісіз, ал қазіргі жер бетіне шығып тұрған қабырға 20-30 см. Ішінен қаланған биіктігі 1,50 м. Жер үстіне салынған үйлердің көбі тік төртбұрышты 4-5x3-4м өлшемде болып келеді. Бөлмелерінің ортасында көпшілік жағдайда, дінгектің түбі орнататын тас қобдишалар не болмаса тастан қаланған негіздер кездеседі. Мұның өзі бөлме төбесін шошала тәрізді жабылатындығын көрсетеді. «Жердің

үстіне салынған үйлерге қалай жарық түседі? Немес ол терезе болды ма?», - деген сұрақ туады. Сайден Жолдасбаев бұны былай түсіндіреді: мысалға Күлтөбе қаласын ала отырып, тұрғын жайларының барлығы дерліктей тастан қаланып, төбелері киіз үй төбесі тәрізді жабылған. Бұлай дейтін себебіміз, бөлмелердің қабырғалары бір-бірімен бірге жалғасып жасалған да оларға ешбір қабырғасынан жарық түспей, оның тек төбеден түскенін байқасақ, екіншіден, бөлмелердің ішіндегі тандыр ошақтарға жағылатын оттың түтінің шығатын саңылау да керек болғандығы, ол тек төбеден шығатындығы туралы айтылған. Мұнымен бірге үйдің төбелері шошақтау болуы төбеге түсетін жауын-шашынсу қорғанынның сыртына қарай ағатын етіліп жасалмаса үйлердің төбелері ортасына майысып, су өтетін болар еді. Сондықтан бөлмелерге шошаланың төбесі сияқты жасалған (сурет 1) [Жолдасбаев, 2017].

Жиенкүл қыстауы - Ақмола облысының шығысында, Ерейментау ауданының оңтүстік-шығысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Жиенкүл қыстаулары ұсақ шоқылар мен төбеаралық жазықтарда орналасқан. Топырақ-географиялық аудандастыруға сәйкес мұнда жазықтардың қара каштанды топырақтары мен таулы қара топырақтар жиі кездеседі [Агроклиматтық ресурстар, 2017]. Жалпы да, Ереиментау бөктерлерінде малшылардың тіршілігіне қолайлы жағдай жасалған. Климаты күрт континенттік, қысы салыстырмалы түрде қарлы, біршама салқын, 158–160 күнге созылады. Ерейментау тауларында желдің орташа жылдық жылдамдығы 5,1 м/с, ал қыста жел күшейіп, орташа есеппен 6,5–7 м/с жетеді. Мұнда қыс өте қатал, қатты боран соғады, жиі желдің екпіні 35 м/с дейін жетеді.

Далалық Қазақстан халқы үшін қысқы баспананың қажеттілігі сөзсіз. Дала аймағының табиғи-климаттық жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты мұнда үздіксіз көшпенділікті елестету қиын. Осындай физикалық-географиялық жағдайларда орналасқан елді мекендер сәулет пен жоспарлауда өзіне тән белгілерге ие. Біріншіден, құрылыста тастардың көп болуы, екіншіден, бұл тау не бөктер беткейлерді ескере отырып салынған құрылысы, тұрғын үй-жайларды салу кезіндегі архитектурасында, бөлмелердің сызықтық орналасуы мен есіктердің ықтасын жағыннан салынуы. Қоныс маңында тау жыныстарының үйінділерінің көп кездесуі, біздің қарастырып отырған қыстауымызға тастарды кеңінен қолдануға әкелді. Қыстауларға жақын жерде, солтүстік-шығысқа қарай 180 м жерде қазақ зираты орналасқан.

Жиенкүл қыстауының ауданы 50 га. Бұл аумақта 9 тұрғын үй салынған. Орналасуы бойынша елді мекенді екі блокқа бөлуге болады: 7 тұрғын үйден тұратын батыс және екі кешеннен тұратын шығыс бөлігі (сурет 2). Барлық үйлер тас және саз кірпіштен салынған және төртбұрышты пішінге ие. Және қыстауға параллель оңтүстік-шығысқа қарай ағатын бұлақ арнасына бар. Үй аулалары қосалқы құрылыстары мен шағын тұрғын үй-жайлары салынған. Қыстаулардың ара қашықтығы 12–20 м. Және барлығы делік бір уақытта салынбаған. Қабырға қоршау тастардың құлауына қарағанда 1-кешен ертерек, ал 8 және 9-ғимараттар ең соңғы салынған болуы керек (сурет 3). Барлық ғимараттар солтүстік және батыс жағынан үлкен тастардан қаланып қоршалған тұрғын және шаруашылық қосалқы бөліктерден тұрады. Үйлердің тас қоршаулары шаруашылық бөлмелері үшін сыртқы қабырғалардың рөлін атқарды және ықтасын, жел тосқауыл рөлін атқарды. Ал нақты үйдің орны шығыс бөлігінде орналасқан. Және де бұл бөлігін әрқашан тастармен қоршап орналаспаған. Қаланып жиылған қабырға тастарның ені 1–2 м, үлкен тастар бірінің үстіне бірі 3–4 қатар болып үйілген.

2022 жылы қазба жұмыстарын кезінде № 5 қыстауға археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Мен сол экспедиция барысында №9 қыстауының сызбасын жасадым (4-сурет).

№ 9 қыстау координаталары: 51°35'52.34" N 73°13'50.14" E, № 8 учаскеден оңтүстікке қарай 14 м және қазіргі кездегі салынған фермадан 195 м солтүстік-шығысқа қарай жерде орналасқан. Өлшемдері 18x20 м болатын тікбұрышты пішінді. Қыстау шаруашылық бөлігінен және тұрғын үйден (8,5x6 м) тұрады. Батыс қабырға боймен ұзындығы 15x5 м дәліз орны айқын байқалады. Сыртқы қоршау қабырғасының биіктігі 0,5 м. Батыс жағынан өлшемі 7x4 м болатын жанама үй салынған. Тұрғын бөлігінде 2 бөлме бар. Бірінші бөлменің өлшемдері 4x2 м, екінші бөлме 4x5 м. №9 оңтүстік-шығысқа қарай 5 м жерде көлемі 4x2,5 м дөңгелек қора бар (1-сурет).

Үйдің екі кіреберісі бар. Біреуі D9 алаңында оңтүстік жағында, ал B1 алаңының солтүстік-шығыс жағында бөлек кіреберіс. D9 алаңының кіреберісі 6x4 м өлшемді қиғаш салынған тас құрылыммен белгіленген және оның оңтүстік-шығыс бағыты тұрғын үйге апарады. B1 шығыс жағындағы кіреберіс сарай есігі болуы мүмкін солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс жағындағы қора немесе мал ұстайтын орын болған. Оған батыс және шығыс бөліктеріндегі дөңгелек ойматың болуы дәлел. Қыстаудың сыртында тастан қаланған қоршау болды. Тас қоршаудан тұрғын үйдің қабырғасына дейін мал ұстауға арналған орынның ені 6 м. Бұл үйіңізді қыстың қатты боранынан қорғаудың таптырмас тәсілі болған. Үйді жарықтандыратын терезелерге келсек, олар мал ұсталатын батыс жағында болуы мүмкін емес. Бұл тиімсіз, ол қараңғы болады. Сондықтан терезелердің оңтүстік-шығыс жағында орналасқаны ой қисынды болып келеді.

Ойымды қортындылап кетсем қазақ қыстауларын зерттеу, бұл қазақ халқының қалыптасуын кезеңін сипаттай отырып, көшпенділерге деген теріс көзқарастарды жоққа шығарар еді. Тарихи әдіснамада бүкіл халық бір жолмен дамиды деген негізінен қате пікір. Әр халықтың салған өзіндік дара да, сара жолы бар. Тек оны зерттеген де, сол халық бірге өмір сүре білу керек деп ойлаймын. Сол сияқты қазақ халқының да археологиялық зерттеулерінде қазақ қыстауларын зертеу, біздің халқымыздың материалдық мәдениетіне де, рухани мәдениетіне археологиялық артефактілер мен зерттеулерінде өзіндік пайдасын тигізер еді. Қазақ қыстауларын зерттегенде тек қазақ хандығы не одан бергі тарихты қарау жеткіліксіз. А.М. Оразбаевтар қалдырған құнды деректермен қарай отырып, қазақ жеріндегі тұрақты мекенжайлар архитектурасы сонау қола дәуірінен байланысады. Алдағы уақытта, А.М. Оразбаев, С.Ж. Жолдасбаев сынды біртуар археологтарымызды жолын жалғар, палеоэтнографиялық экспедициялар мен еңбектер ғылымға жол тартады деген үміттеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Дубалов А. П. Вступительная статья // Шпенглер О. Закат Европы. Новосибирск: Наука, Сиб. изд. Фирма, 1993. с. 592.
2. Гафуров Б. Г. Кушанская эпоха и мировая цивилизация. М.: Наука, 1968. 20 с.
3. Акишев К. А. Предисловие // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана / Отв. ред. К. А. Акишев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1969. С. 3-4.
4. Бахтыбаев М. М., Акымбек Э. Ш. Жолдасбаев Сайден Жолдасбайұлы (1936–2021) // Археология Казахстана. Алматы: институт археологии им А. Х. Маргулана 2021. № 4 (14). С. 170–181.
5. Байпаков К. М. Город и степь в эпоху средневековья (По материалам Южного Казахстана и Семиречья) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций: Сб. ст. / АН СССР, Ин-т археологии; Редкол.: В. М. Массон. Алма-Ата: Наука Каз ССР, 1989. С. 356-361.
6. Агроклиматические ресурсы Акмолинской области: научно-прикладной справочник / Под ред. С. С. Байшоланова. Астана: Министерство образования науки РК, Институт географии, 2017. 133 с.
7. Жолдасбаев С. Қазақ елінің XV- XVIII Ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары. - Астана: Қазақ ғылыми зерттеу институтының баспа тобы, 2017. – 304 б.